<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Музыка <i>Жетекші жоспарымен</i> Қазақ тілі <i>Жетекші жоспарымен</i> Қазақ тілі (педагог жоспарымен) Ойын: «Біздің үйде» Ә.Дүйсенов өлені Шарты: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. <i>(Көркем әдебиет)</i> Ойын: «Менің үйімдегі жиһаздар» Мақсаты: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, сын</p>	<p>Музыка <i>Жетекші жоспарымен</i> Дене шынықтыру Жүру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүреді. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындайды. Негізгі қимыл: Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалатады. Ұлттық к/о: «Ақ сандық, көк сандық» Шеңбер бойымен жүру, тыныс алу жаттығуын орындау Ойын: «Аюдың үйіндегі жиһаздар» педагог жетекшілігімен ойын. Шарты: Заттар шамасы бойынша ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі</p>	<p>Ойын: «Асханадағы ереже» Мақсаты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. <i>(Көркем әдебиет)</i> Ойын: «Менің үйімдегі ыдыстар» Шарты: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. <i>(ҚОТ)</i>. Ойын: «Үлкен-кіші табақтар» Шарты: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. <i>(жапсыру)</i></p>	<p>Дене шынықтыру Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Негізгі қимыл: Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалатады. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ</p>	<p>Дене шынықтыру Саппен шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Кішкентай доппен бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Негізгі қимыл: Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша", арасы алшақтанған заттар арасымен еңбектеу Тене-теңдікті сақтау: Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен)</p>
---	---	---	--	--	---

	<p>есімдермен белгілеу. (МН) Ойын: Менің үйімдегі бөлме гүлі» Шарты: Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. <i>(сурет салу)</i> Ойын: «Менің үйімдегі үстел» Мақсаты: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. <i>(жапсыру)</i></p>	<p>затты салыстыру, жуандығы бойынша заттарды салыстыру, (ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке) сын есімдермен белгілеу. (МН) Ойын: «Үш аюдың үйінде қандай жиһаздар бар?» Мақсаты: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттардың ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау дағдыларын жетілдіру. <i>(Сөйлеуді дамыту, ҚОТ)</i> 1-Топ: Ойын: «Қонжықтың орындығы» Шарты: Мүсіндеуде қысу,</p>		<p>ұстау және жақын тұру. Кеудеге арналған жаттығулар: Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Аяққа арналған жаттығулар Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік</p>	<p>аттап өту; Лақтыру, домалату, қағып алу: Оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру; Қ/О: «Кім епті?» ойыны. Шеңбер бойымен жүру, тыныс алу жаттығуын орындау Ойын: «Кім тапқыр?» педагог жетекшілігімен ойын. Шарты: Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Ойын: «Ұлттық жиһаздар» Шарты:</p>
--	---	---	--	---	--

		<p>тарту, басу әдістерін қолдану. <i>(мүсіндеу)</i></p> <p>2-топ:Ойын: «Қонжыққа гүл сыйлаймын»</p> <p>Шарты: Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. <i>(жапсыру)</i></p>		<p>танытуға баулу.</p> <p><i>Дербес қимыл белсенділігі:</i></p> <p>Спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>«Артығын тап?»</p> <p>Мақсаты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. <i>(Математика негіздері)</i></p> <p>Ойын: «Балабақша жиназдары»</p> <p>Шарты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше</p>	<p>Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. (МН)</p> <p>Ойын: «Үй заттары» өлеңі</p> <p>М.Әлімбаев</p> <p>Шарты:Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталауға үйрету. <i>(Көркем әдебиет)</i></p> <p>Ойын: «Қонақтарға тағам әзірлеу»</p> <p>Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу<i>(Мүсіндеу)</i></p>
--	--	--	--	---	---

				<p>қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (<i>Көркем әдебиет</i>) Ойын: «Жиһаздарды қайда орналастырамы з» Шарты: компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. (<i>ҚОТ</i>) Ойын: «Жиһаздар» Шарты: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып</p>	
--	--	--	--	---	--

				<p>жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру)</p> <p>Вариативтік компонент: «Басқа топтардағы табиғат бұрышына саяхат»</p>	
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге үйрету. «Сөзінді есінде сақта» ойыны. Сөздік минимум: Үстел, орындық кереует, кілем, сөре.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Асықпаймыз, саспаймыз Өзіміз киіне бастаймыз	Сөздік ойын: «Ауа райы туралы айтып бер» Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.)	
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуенді бақылау картотекасы				
Серуеннен оралу	Топқа келдік алақай! Аяқ-киімді шеш балақай. Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; үстел үстінде тұзу отыру, асын таза ішу. Тамақтану кезінде асықпай шайнауға үйрету. Нан қоқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Асты тауысып ішуге және үстел үстінде дұрыс отыруға тәрбиелеу. Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі (Көркем әдебиет)	«Әлди –әлди ұйықтай ғой»	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» «Үш аю» ертегісі
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз» Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тұрайық	Ойын- жаттығу: Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз.	Тыныс алу жаттығу: Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды.Пах.	Ойын- жаттығу: Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып, Тарқасайық, тұрайық	Ұйқы ашар гимнастикасы Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық Самал жел бізге желпісін,

				Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпайық!	Ұйқымызды ашайық!
Бесін ас	<p>Дастархан басында сөйлемейміз,күлмейміз!Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</p> <p>Нан қиқымын шашпауға,сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.</p> <p>Нан қиқымын шашпауға,сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.</p> <p>Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару ; үстел үстінде тұзу отыру,асын таза ішу.</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ойын:«Менің үйімдегі бөлмелер»</p> <p>Шарты: Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. (<i>Сөйлеуді дамыту</i>)</p> <p>«Тамақтарды қоятын, үстел керек әрине»</p> <p>Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. (<i>Заттық мүсіндеу</i>)</p>	<p>Ойын: «Кішкентай қонжық» Шарты: Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. (<i>Сурет салу</i>)</p>	<p>Ойын: «Ыдыстарды тап» Шарты:Сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолданады. (<i>Сөйлеуді дамыту</i>)</p> <p>1-Топ:Ойын: «Кесе, шыны,пиала, оларсыз шай құяма» Шарты: Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу. (<i>Мүсіндеу</i>)</p> <p>2-Топ:Ойын: «Суреттен өзіңе ұнайтын ыдысты тауып, бейнеле» Шарты: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға</p>	<p>1-2 топ: Ойын:«Жиһаздар қандай?» Шарты: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру, мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану, қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру</p>	<p>1-2 топ: Ойын: «Сандық» Шарты: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, қиялды дамыту және сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, ұқыпты болуға баулу. (<i>жапсыру</i>)</p>

			деген ұмтылысты қолдау. (Сурет салу)	(мүсіндеу, жапсыру)	
Балалармен жеке жұмыс	құрылыс материалдарының бөліктерін біледі және атайды, оларды түрлі тәсілдермен орналастыруды меңгерту. (Аяулым, Хадиджа, Қайыржан)	Биік аласа, ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыруды меңгерту. (Мұстафа, жахангер, жанайым)	сазбалшықтан, ермексайдан, қамырды алақан арасына салып илей алуды (шар), жоғарғы бөлігін саусақпен басып тереңдетіп мүсіндеуге қызығушылық танытуға баулу.	зат есімдер мен көмекші сөздерді қолданануды үйрету - «үстінде, астында, артында, жанында». (Айша, Алима, Каусар)	түсі және көлемі бойынша ажырата алуды меңгерту. Мансур, Гүлдана, Аружан)
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Ойын: «Кім тез сөз ойлайды» Шарты: жиһаз түрлерін атайды. Сөздік минимум: Үстел, орындық, топ, кесе, қасық, тәрелке т.с.с				
Серуен	Сөздік ойын: «Ауа райы туралы айтып бер» Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты т.б.) Көркем сөз Сұр бұлт, түсі суық, қаптайды аспан, Күз болып дымқыл тұман жерді басқан. (А. Құнанбаев) «Үйдегі жиһаздарды атаңдар?» Мақсаты:Допты бір-біріне бере отырып, атайды. Әткеншек әдісімен				

Балалардың үйге қайтуы	Жеке ата-аналармен әңгімелесу. Үйге қайтқанда сау болыңызды ұмытпа. Ақыл-кеңес «Әр алға аттаған қадамын , әр кішкене жетістігін қолдаңыз» .	Жеке ата-аналармен әңгімелесу. Үйге қайтқанда сау болыңызды ұмытпа. Ақыл-кеңес «Егер бала бұзық болса»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Үй тапсырмасын беру ата-аналарға: Жиһаздардың суретін қиып, балабақшаға әкелу.	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. Демалыс күндеріңіз қызықты өтсін! Сау болыңыз!
-------------------------------	--	--	--	---	--

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.12 - 30. 12. 2022 ж. Желтоқсан айы: IV-апта

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы жүзбен күлімдеп қарсы алу. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешімен, достарымен сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйін, жағдайын сұрау, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу. Сыпайы сөйлесу: Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! <i>(қазақ тілі)</i>				
Ата-аналармен әңгімелесу , кеңес беру	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Баламен жылы сөйлесіңіз, жақын қарым-қатынаста жиі болыңыз. Балалардың көңіл күйін, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Балаларды топта жеңіл киінуіне кеңес беру. «Бала денсаулығына қараңыз» Денсаулығы нашар, организмі әлсіз бала шаршағыш, ашуланшақ келеді.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -	Ойын: «Гараж» Шарты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою,	Ойын: «Жабайы жануары қайда өмір сүреді?» Шарты: Жабайы аңдардың аттары мен қайда	Ойын: «Құстарға ұя жасап берейік» Шарты: Құстардың ерекшелігіне назар	Ойын: «Жәндіктерге қамқор болайық!» Шарты: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау,	Ойын: «Таңғажайып табиғат» Шарты: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, дәннің түрлері және

<p>ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>(құрастыру)</i></p>	<p>өмір сүретінін айтып отырып, үлгі суретке қарап, зоопарк құрастыруда құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>(құрастыру)</i> Табиғат әлемі Жабайы аңдар: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі. <i>(қазақ тілі)</i></p>	<p>аударып, аттарын айту, қайда өмір сүретінін айтып отырып, табиғи қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. <i>(құрастыру)</i></p>	<p>ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. <i>(құрастыру)</i></p>	<p>т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру. <i>(құрастыру)</i></p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>желтоқсан айына арналған жаттығулар картотекасы</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Ыдыстар: Кесе, тәрелке, қасық. <i>(қазақ тілі)</i> Азық-түлікке қатысты сөздер: Нан, шай, май, ботқа, су, сусын, сорпа, дәмді, ет, тамағыңды іш, ас болсын! <i>(қазақ тілі)</i></p>				

<p>Ұйымдас тырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ойын: «<i>Көліктерім зырлайды</i>» өлеңі. Шарты: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екіпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. <i>(көркем әдебиет)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Жабай аңдардың пайдасы қандай?</i>» Шарты: Жабайы аңдардың пайдасын әңгімелей отырып, кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. <i>(көркем әдебиет)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Ажырата білейік</i>» Шарты: Құстардың ерекшелігіне назар аударып, қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту және бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға байланысты кейбір құстардың болмауы, қыста-құстарды коректендірудің қажеттігі, мекендейтін орнын анықтау. <i>(ҚОТ)</i> Дала құстары: <i>аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін.</i> <i>(қазақ тілі)</i></p>	<p>Ойын: «<i>Жәндіктердің ызыңын анықтайық!</i>» Шарты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p>	<p>Ойын: «Қандай ғажап табиғат» өлеңі. Шарты: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екіпінді қолданып, оларды есте сақтауға, баулу. <i>(көркем әдебиет)</i></p>
---	---	--	--	--	--

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><i>Музыка</i> <i>Жетекші жоспарымен</i> Қазақ тілі <i>Жетекші жоспарымен</i> Ойын: «Жолда жүру ережесін біле жүрейік!» Шарты: Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдарымен өту), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. (ҚОТ)</p> <p>Ойын: «Көліктер қайда жүретінін ажырата білейік!» Шарты: Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. (МН)</p> <p>Ойын: «Көлік түрлерін атайық, ажырата білейік!» Шарты: Белгілі</p>	<p><i>Дене шынықтыру:</i> Негізгі қимылдар: Жүру. жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Жүгіру: 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарды төмен түсіру; қолдарды төмен түсіру; Аяққа арналған жаттығулар: Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру. Тепе-теңдікті сақтау: Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының</p>	<p><i>Музыка</i> <i>Жетекші жоспарымен</i> Ойын: «Құстарды дұрыс ажырата білейік» Шарты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. (МН) Кеңістікті бағдарлау сөздері: Үстінде, астында, қасында, артында. Оң, сол, жоғары, төмен, үстінде, астында, қасында, артында, жанында. (қазақ тілі) Ойын: «Нан қоқымын шашпайық!»</p>	<p><i>Дене шынықтыру:</i> Негізгі қимылдар: Жүру. жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Бағыт бойынша түзелу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру. Аяққа арналған жаттығулар: Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Тепе-теңдікті сақтау: үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; Еңбектеу, өрмелеу: Төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Қимылды ойындар: Таныс ойындарды ұйымдастыруда</p>	<p><i>Дене шынықтыру:</i> Негізгі қимылдар: Жүру. жүруді секірумен алмастырып, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Жүгіру: орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Секіру. 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру. Лақтыру, домалату, қағып алу: оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) лақтыру; Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p>
---	---	---	---	--	---

	<p>бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p> <p>Көліктер: Автокөлік, ұшақ, тік ұшақ пойыз, велосипед, самокат, жүргіншілер жолы, бағдаршам.</p>	<p>таяқшаларынан аттап өту; Еңбектеу, өрмелеу: Табан мен алақанға сүйеніп еңбектеу. Домалату: Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Ойын: «Аңдардың даусынан танып ажырат» Шарты: Бөлмедегі жабайы аңдардың бір-бірден санап, қай аңның дауысы екенін ажырату және теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?»</p>	<p>Шарты: Тыңдалған қысқа өлеңдерді, жатқа айтуға, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. <i>(Көркем әдебиет)</i></p> <p>Ойын: «Құстарға қамқор болайық!» Шарты: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру және жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. <i>(мүсіндеу, жапсыру)</i></p>	<p>бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойын: «Ажырата білейік» Шарты: Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы ұғымдарын кеңейту. <i>(ҚОТ)</i> Ойын: «Жәндіктерді санап, ажырата білейік!» Шарты: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. <i>(МН)</i> 1-топ:Ойын: «Жәндіктер неден нәр алып, немен қоректенеді?» Шарты: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік</p>	<p>Ойын: «Өлі және тірі табиғатты ажырата білейік!» Шарты: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтау. <i>(ҚОТ)</i> Ойын: «Қандай гажасп көрініс» Шарты: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> 1-топ:Ойын: «Шуақты күн» Шарты: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу</p>
--	---	---	--	---	---

		<p>сұрақтарына жауап беруге үйрету. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. (МН) Ойын: «Жабай аңдардың пайдасы мен зияны қандай?» Шарты: Балаларға жабай аңдардың беретін пайдасы туралы суреттері таратылады және тақтаға жабай аңдардың суреттері ілінеді. Қолындағы пайдалы суреттері бойынша қай жануарға не тиесілі екенін тауып орналастырып айтуда Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Ойын: «Қандай жабайы аңның</p>		<p>беру. <i>(жапсыру)</i> 2-топ:Ойын: «Жәндіктерге не қажет?» Шарты: Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. <i>(мүсіндеу)</i> Вариативтік компонент: «Герань өсімдігін отырғызу»</p>	<p>сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. <i>(жапсыру)</i> 2-топ:Ойын: «Жарқырайды күніміз» Шарты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. <i>(мүсіндеу)</i> 3-топ:Ойын: «Жарқырайды күніміз» Шарты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. <i>(сурет салу)</i></p>
--	--	---	--	--	---

		<p><i>баласы ұнайды?»</i></p> <p>Шарты: Мыршай, қонжық, көжек, бөлтіріктің суретін салу үшін үздік сызықтарды бастырып салуда, еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p><i>(сурет салу)</i></p> <p>Ойын: «Аңдарға апаратын түзу жол салып көмектесейік»</p> <p>Шарты: Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету. <i>(жапсыру)</i></p>			
--	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге үйрету. «Сөзінді есінде сақта» ойыны. Сөздік минимум: Жанурлар әлемі: Жабайы аңдар: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян, кірпі. <i>(Қазақ тілі)</i>	Серуенге ойын құралдарын дайындау. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмытылсын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге үйрету. «Сөзінді есінде сақта» ойыны. Сөздік минимум: Дала құстары: аққу, қарлығаш, торғай, қарға, көгершін. <i>(Қазақ тілі)</i>	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. Асықпаймыз, саспаймыз Өзіміз киіне бастаймыз.	Жаңа жылға деген қызығушылықтарын арттыру. <i>Жасыл желек жамылған, Асыл моншақ тағынған. Міне сұлу шыпшамыз. Көптен күткен сағынған.</i>
Серуен	Желтоқсан айына арналған серуенді бақылау картотекасы				
Серуеннен оралу	Топқа келдік алақай! Аяқ-киімді шеш балақай. Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; үстел үстінде тұзу отыру, асын таза ішу. Тамақтану кезінде асықпай шайнауға үйрету. Нан қоқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Асты тауысып ішуге және үстел үстінде дұрыс отыруға тәрбиелеу. Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру.				
Күндізгі ұйқы	«Төлдер айтысы» ертегісі <i>(Көркем әдебиет)</i>	«Әлди – әлди ұйықтай ғой»	«Бесік жырын» тыңдату	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру	«Жақсы жатып, жайлы тұр!» «Жеті лақ » ертегісі
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыр	Тыныс алу жаттығу: Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф,	«Көңілді төлдер» ойын-жаттығу. Ботам былай жүреді	Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып,	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз» Ұйқыдан біз тұрамыз	Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық Самал жел бізге желпісін,

у шаралары	Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды.Пах.	Сыртылдатып тұяғын Бұзау былай жүреді. Алға созып мойынын Ойнақтайды ботақ Көкке қарай мұрынын Шүйіреді бұзауқан.	Тарқасайық, тұрайық Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпайық!	Көзімізді ашамыз Жан- жағымызға қарайық Төсектен біз тұрайық	Ұйқымызды ашайық!
Бесін ас	Дастархан басында сөйлемейміз, күлмейміз!Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Нан қиқымын шашпауға, сусынды төкпей ішуді қалыптастыру. Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру. Балалардың назарын тағамға аудару; үстел үстінде түзу отыру, асын таза ішу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа)	1-топ:Ойын: «Саған қандай көліктер ұнайды?» Шарты: Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. (сурет салу) 2-топ:Ойын: «Саған қандай көліктер ұнайды?» Шарты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге	Ойын: «Қандай жабайы аңның баласы» Шарты: Жабайы аңдардың балаларын өздеріне тән белгілері бойынша атауға және жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында	Ойын: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Шарты: Ертегіні мұқият тыңдау арқылы қарлығаштың өте қамқор, қайрымды құс екенін айту және ертегінің қызықты үзінділерін қайталап айтуға баулу. (сөйлеуді дамыту) Ойын: «Қайрымды құс» Шарты: Үстел	Ойын: «Жәндіктердің тіршілігі қандай?» Шарты: Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Ойын: «Түрлі түсті жәндіктер» Шарты: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты	Ойын: «Не қайда орналасқан?» Шарты: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. (МН) Кеңістікті бағдарлау сөздері: Оң, сол, жоғары, төмен, үстінде, астында, қасында, артында, жанында. (сөздік миниум

<p>әрекеттер)</p>	<p>ынталандыру. <i>(мүсіндеу)</i> 3-топ:Ойын: «Саған қандай көліктер ұнайды?» Шарты: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. <i>(жапсыру)</i></p>	<p>жануарлар әлеміндегі маусымға байланысты мекендейтін орнын анықтау. <i>(ҚОТ)</i> Ойын: «Сүйкімді аңдардың баласы» Шарты: Өздеріне ұнаған аңның баласын мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. <i>(мүсіндеу)</i></p>	<p>үстіндегі қима суреттерден құстың бейнесін құрастырып, қандай құс екенін айту және сол құстың бейнесін бояуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. <i>(сурет салу)</i></p>	<p>қолдау. <i>(сурет салу)</i> Түстер атауы: Ақ, көк, қара, жасыл, сары, қызыл, қоңыр.</p>	
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Айжан мен Айбатқа заттарды, суреттерді қарастыруда сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>	<p>Райымбек, Жахангер жабайы жануарларды, олардың балаларын өздеріне тән белгілері бойынша атуға және ажыратуға үйрету.</p>	<p>Раян мен Хадишаға құстардың өздеріне тән белгілері бойынша атуға және ажыратуға үйрету.</p>	<p>Жанайым мен Жахангерге дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастыруға қатыстыру.</p>	<p>Хадиша мен Алимаға кеңістік пен уақытты бағдарлай білуді үйрету.</p>

Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау және бақылау.				
Серуен	Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Үйге қайтамыз, Сау болыңыз айтамыз! Дұрыс тамақтану ережелерін еске түсіру.	Жеке ата-аналармен әңгімелесу. Үйге қайтқанда сау болыңызды ұмытпа. Ақыл-кеңес «Әр алға аттаған қадамын, әр кішкене жетістігін қолдаңыз»	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. Үй тапсырмасын беру ата-аналарға: «Жаңа жылға көрме жасап әкелу»	Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. Демалыс күндеріңіз қызықты өтсін! Сау болыңыз!

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Жоспардың құрылу кезеңі: **1-апта (04.01.2023 – 06. 01. 2023ж.) Қаңтар.**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау. Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балалардың немен айналысқаны туралы сұрау. Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу.				
Ата-аналармен	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың балабақшаға кешікпей келуін, ертеңгілік жаттығуға үлгертіп әкелуін ескерту.				

әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға балаларымен кішкентай нәресте сәбімен сөйлескендей емес, ересек, сізге сенетін дос ретінде сөйлесуін түсіндіру. Ата-аналарға балаларын үлкендермен сәлемдесіп, үлкен адамдар сөйлесіп тұрғанда қатарласып сөйлемеуге үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл - ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жаңа жыл мейрамы	Жаңа жыл мейрамы	Ойын: «Жарқырай бер алтын күн» Шарты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. (мүсіндеу) Ойын: «Шуағынды шаш ,Алтын күн!» Шарты: Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар және т.б.) заттардан құрастыру (құрастыру)	Ойын: « Ауа не үшін қажет» Шарты: ауаның не үшін қажет екенін, ауа ең алдымен тыныс алу үшін керек екенін тәжірибе арқылы балаларды заттық әлеммен таныстыру және қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау. (қоршаған орта)	Ойын: «Көпір» Шарты: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру, командалармен бірге нәтижеге қол жеткізу. (құрастыру)
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені: Қаңтар айына арналған жаттығулар картотекасы				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Астарың дәмді, күндерің сәтті болсын!				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Жаңа жыл мейрамы</p>	<p>Жаңа жыл мейрамы</p>	<p>Ойын: «Біздің жақсы достарымыз» Шарты: Балаларға Күн,су ,ауа туралы жұмбақтар жасыру сол арқылы диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу,диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Күннің пайдасы мен зияны туралы балалардың ойын тыңдау. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p>	<p>Ойын:« Ауа бұл –жел» Шарты: Балаларды ауаның желден тұратынын,ауаның жазда ыстық, қыста суық болатыны желдің әсері екенін түсіндіру. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. Шарты: Балаларға тіршілік нәрі су туралы тақпақтарды ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i></p>
--	--------------------------------	--------------------------------	---	---	---

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет.</p>	<p>Жаңа жыл мейрамы</p>	<p>Жаңа жыл мейрамы</p>	<p>Музыка Жетекші жоспарымен. Қазақ тілі Жетекші жоспарымен. Дене шынықтыру «Кім шапшаң, кім епті» Шарты: Негізгі жаттығу: шеңбер бойлап, қол ұстасып жүру; тура бағытта 4-6 метр арақашықтықта еңбектеу дағдыларын қалыптастыру; тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жалпы дамытушы жаттығу: Балалар қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар жасау, қолдарын жоғары және жанына көтеру; сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру; Еңбектеу, өрмелеу: Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу. Лақтыру, домалату,</p>	<p>К. Ушинский. «Жел мен күн» ертегісі. Шарты: Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Ойын: « Ауада көлем болама ?» Шарты: Балаларды ауада көлем болмайтынын алайда шар немесе целлофан басқа да затқа ауа толтырса, ауа сол белгілі бір көлемге толатынын тәжірибе түрінде көрсету.</p>	<p>Дене шынықтыру (музыка ырғағымен) Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып жүру. Жүгіру: Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. жалпы дамытушы жаттығулар қолдарды төмен</p>
---	-------------------------	-------------------------	--	--	--

			<p>қағып алу: 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру;</p> <p><i>(Дене шынықтыру)</i></p> <p>«Күнге қонаққа барғанда» ертегісі. Шарты: Балаларды ертегі желісі бойынша сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға баулу. (көркем әдебиет)</p> <p>Сөздік қор: ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы.</p> <p>Ойын: «Күн , су , ауа» Шарты: Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды және т.б.), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, қар, су, мұз қасиеттерін анықтау. (қоршаған орта)</p> <p>Ойын:«Кім тез табады»</p>	<p>Балаларды геометриялық денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау. (математика негіздері)</p> <p>Вариативтік компонент: <i>«Жер астындағы пайдалы қазбалар»</i></p>	<p>түсіру; Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттар мен және заттарсыз орындау. Лақтыру, домалату, қағып алу: Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Қимылды ойындар: «Біз тамшылырмыз» Шарты:Тәрбиеші бұлт анасы,ал балалар жаңбыр тамшылыры болып жан-жаққа тарап содан кейін барлығы екі қатарға жиналып өзен болады,өзен ағып шеңбер болып үлкен көлге ,теңізге</p>
--	--	--	--	--	---

			<p>Шарты: Балалар ертегі кейіпкерлері арқылы 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері)</p> <p>1-Топ:Ойын: «Жарқырай бер алтын күн» Шарты: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. (мүсіндеу)</p> <p>2-топ:Ойын: «Күн шуағы» Шарты: Балаларды суреттерді қылқалам мен, қаламмен бояуға үйрету, қызғылт сары, ашық реңктермен таныстыру және ол түстерді өзбетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру). (Сурет салу)</p>		<p>айналады. (дене шынықтыру) Су перісі (югослав ертегісі) Шарты:Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Ойын: «Салыстырып көрейік» Шарты:Балалар көгілдір матадан екі өзен жасайды.</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>Салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). (математика негіздері)</p> <p>Ойын: «Су не үшін қажет» Шарты: Балаларға судың не үшін қажет екенін, судың қандай күйде кездесетінін тәжірибе түрінде көрсету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару судың пайдасы мен зияны туралы</p>
--	--	--	--	--	--

					<p>әңгімелесу, қарапайым себеп- салдарлық байланыстарды бақылау (қоршаған орта)</p> <p>1-Топ:Ойын: «Алыстан судың түсі қандай болып көрінеді» Шарты: Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. (сурет салу)</p> <p>2-топ:Ойын: «Мөлдір өзен» Шарты: Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. (жапсыру)</p>
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау.</p> <p>Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.</p> <p>Серуен кезінде балалардың танымдық оқиғасын бақылау, неге қызығушылығы бар екенін сұрап білу.</p> <p>Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. <i>(дене шынықтыру)</i></p> <p>Құстарға деген қызығушылығын арттыру. <i>(ҚОТ)</i></p>				
Серуен	<p>Қаңтар айына арналған серуенді бақылау картотекасы</p>				
Серуеннен оралу	<p>Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. Беті қолды сумен сабындап жуады.</p>				
Түскі ас	<p>Балалардың назарын тағамға аудару ; үстел үстінде тұзу отыру,асын таза ішу.</p> <p>Тамақтану кезінде асықпай шайнауға үйрету.</p> <p>Нан қоқымын шашпауға,сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.</p> <p>Асты тауысып ішуге және үстел үстінде дұрыс отыруға тәрбиелеу. Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>«Төлдер айтысы» ертегісі <i>(Көркем әдебиет)</i></p>	<p>«Әлди –әлди ұйықтай ғой»</p>	<p>«Мысық неге торғай мен тышқанға өш» ертегісін оқып беру.</p>	<p>Жағымды жайлы әуен қосу.</p>	<p>« Түлкі мен қоян» ертегісін оқу</p>
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	<p>Ойын- жаттығу:</p> <p>Ұйқыдан біз тұрайық</p> <p>Көзімізді ашайық. Анда- мында созылып,</p> <p>Тарқасайық, тұрайық</p> <p>Ұйқыдан соң балалар,</p> <p>Қол жууды ұмытпайық.</p>				
Бесін ас	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдануды жетілдіру. тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.</p> <p>Нан қиқымын шашпауға,сусынды төкпей ішуді қалыптастыру.</p> <p>Тамақты төкпей шашпай ішуге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың назарын тағамға аудару ; үстел үстінде тұзу отыру, асын таза ішу</p>				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Жаңа жыл мерекесі</p>	<p>Жаңа жыл мерекесі</p>	<p>Ойын: «Шуағынды шаш ,Алтын күн!» Шарты: Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өзбетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. (жапсыру)</p>	<p>1-Топ: Ойын «Гүлдеген жел» Шарты: Балалардан жел,ауа туралы не білетіндерін сұрау.Сонымен қатар жел арқылы сурет салуға болатынын түсіндіру.Ақ қағазға түрлі-түсті тамшылар тамызып,түтікшілердің көмегімен үрлей ді. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. (сурет салу)</p> <p>2-Топ: Ойын: Шарты: Дайын ирелеңдеп қиылған суреттерді жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. (жапсыру)</p> <p>3-Топ: Ойын: Шарты: Алақанға салып есіп,</p>	<p>Ойын: «Кірқоймас» Шарты:Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. (мүсіндеу)</p>

				мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. (мүсіндеу)	
Балалармен жеке жұмыс	Жаңа жыл мерекесі.	Жаңа жыл мерекесі.	Аружан мен Гүлданаға табиғаттың сипаттық маусымдық өзгерістерін анықтауды және атауды үйрету.	Аяулым, Ханшайым, Хадиджаға салыстыру нәтижесін сөзбен жеткізуді үйрету	Медина, Мұстафа, Жанайымға тілдегі барлық дыбыстарды анық айтуға үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Балалардың дұрыс ұқыпты киінуіне назар аудару. Топ киімдерін ұқыпты жинап қоюын ескерту. Күртешелерімен аяқ киімдерінің сыдырмасын салып беруге көмектесу. Серуенде қыс мезгілінің ерекшеліктері мен қызықтары туралы сұрақтар қою арқылы тақырыпты еске түсіру.				
Балалардың үйге қайтуы			Үйімізге қайтамыз, сау болыңыз айтамыз. Балабақша қызығын әңгімелеп айтамыз	Ата-аналарға бүгінгі оқу қызметінде баласының жақсы қызығушылық танытқанын айту және мадақтау	Демалыс күндерің қызықты өтсін! Үйге тапсырма: 5-ке дейін санау және кері санауды қайталау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар айы: II-апта (09. 01-13. 01.23ж)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы жүзбен күлімдеп қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешімен, достарымен сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл-күйін, жағдайын сұрау, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Балалардың көңіл күйін, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойын: «Сикырлы гүл» Шарты: Қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке және т.б. айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу. <i>(құрастыру)</i>	Ойын: «Зәулім үйім» Шарты: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. <i>(құрастыру)</i>	Ойын: «Қоянға үй жасайық» Шарты: Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. <i>(құрастыру)</i>	Ойын: «Біле жүрейік!» Шарты: Тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. <i>(құрастыру)</i>	Ойын: «Бір шаңырақ астында» Шарты: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, дайын құрылысты талдау. <i>(құрастыру)</i>
Таңертеңгі жаттығу	Жаттығулар кешені: Қаңтар айына арналған жаттығулар картотекасы				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан соң алғыс айту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Ойын: «Гүл отырғыза білейік» Шарты: Гүлді қалай отырғызу керектігін айтып, өсу ретімен орналыстырады және күтім күтім жасап көрсетеді. және әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Ойын: «Менің отбасым» Шарты: өлеңін мұқият тыңдап, қимыл-қозғалыспен тақпақты жаттайды, шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешуге баулу. (көркем әдебиет)</p>	<p>Ойын: «Мен бастайын, сен қоста» Шарты: «Мақтаншақ қоян» Таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Ойын: «Бұл не зат демейік, атап оны көрейік?» Шарты: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешуге баулу. (көркем әдебиет)</p>	<p>Ойын: «Менің отбасым» Шарты: Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіріп, өлең жолдарын жаттайды. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. (көркем әдебиет)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Музыка <i>Жетекші жоспарымен</i> Қазақ тілі <i>Жетекші жоспарымен</i></p> <p>Ойын: «Ғажайып алаң» Шарты: Ойын алаңында гүл теріп, терең тыныс алып</p>	<p>Дене шынықтыру: Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен жүру. Жүгіру: Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу</p>	<p>Музыка <i>Жетекші жоспарымен</i></p> <p>Ойын: «Бұл қай ертегі?» Шарты: Луллия шеңберіндегі ертегі кейіпкерлерін</p>	<p>Дене шынықтыру: Негізгі қимылдар: Адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа</p>	<p>Дене шынықтыру: Негізгі қимылдар: жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып жүру. Жүгіру: шапшаң және баяу</p>

<p>«Қандай гажсап гүл» өлеңін мұқият тыңдап, жақсы көңіл күймен өлең жолдарын жаттайды, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. (көркем әдебиет)</p> <p>Ойын: «Хош иісті гүлдер» Шарты: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды сүрту және т.б. (ҚОТ)</p> <p>1-топ: «Қандай гажсап гүл» Шарты: Гүлдердің ерекшелігіне назар аударады және қалай күтім жасау керектігіне қамқорлық жасайды. Өздері ұнатқан гүлдерді мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. (мүсіндеу)</p> <p>2-топ: «Қандай гажсап гүл» Шарты: Гүлдердің ерекшелігіне назар аударады және қалай күтім жасау керектігіне қамқорлық жасайды. Өздері ұнатқан гүлдерді</p>	<p>қарқынмен жүгіру. Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарды төмен түсіру; Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Еңбектеу, өрмелеу: Құрсаудан еңбектеп өту. Лақтыру, домалату, қағып алу: Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Қасқыр мен Қоян» Шарты: Қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ойын: «Менің жақын жандарым» Шарты: Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін</p>	<p>сәйкестендіріп, қай ертегі екенін анықтап айтады, ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. (Сөйлеуді дамыту) Ойын: «Қоянның айласы» Шарты: Алаңға кезікпен келген кейіпкерлерді санап, қайда өмір сүретінін айтып, жиынын анықтап, жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. (ҚОТ) Ойын: «Мақтанишақ қоян» Шарты: Ертегіні үстел үсті театры арқылы әңгімелеп кейіпкерлердің қайда өмір сүретіні мен жейтін азығын айтып, өз үйлеріне орналастырады, 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді</p>	<p>қайта тұру: Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Жалпы дамытушы жаттығулар: қолдарды төмен түсіру; Қолды кеуденің алдына қою, желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Еңбектеу, өрмелеу: Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы кадаммен өрмелеу. Лақтыру, домалату, қағып алу: 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; Қимылды ойындар: Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.</p>	<p>қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды желкеге қою, иықтарды түзеп, екі жаққа бұрылу. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. Еңбектеу, өрмелеу: Құрсаудан еңбектеп өту. Бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Қимылды ойындар: Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойын: «Кім мерген» Шарты: Құрсаулар бір қатарға қойылған, балалар кезекпен</p>
---	---	--	--	---

